ӘЛ-ФАРАБИ атындағы ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ

Біріккен Ұлттар Ұйымының 70 жылдығы,
Бүкіләлемдік радио күніне арналған
«БОЛАШАҚТЫҢ МЕДИАСЫ:
НЬЮСОНОМИКА. ҮРДІСТЕР. ЖАҢАЛЫҚТАР» атты
II Халықаралық журналистика және коммуникация
қысқы мектебінің оқу-әдістемелік жинағы

*«Тау-Тұран» Білім беру-сауықтыру кешені*
*Алматы облысы, Іле-Алатау мемлекеттік ұлттық саябағы,*
*Қазақстан*
*6-8 ақпан 2015 жыл*

Учебно-методический сборник
II Международной Зимней школы журналистики и коммуникации
«МЕДИА БУДУЩЕГО: НЬЮСОНОМИКА. ТРЕНДЫ. НОВОСТИ»,
посвященной 70-летию Организации Объединенных Наций,
Всемирному Дню радио

*Образовательно-оздоровительный комплекс «Тау-Туран»,*
*Алматинская область, Иле-Алатауский Государственный*
*Национальный Парк, Казахстан*
*6-8 февраля 2015 года*

Алматы
«Қазақ университеті»
2015

*Оқу-әдістемелік құрал журналистика факультеті оқу-әдістемелік бюросы*
*3 қаңтар 2015 жылғы мәжілісінің №24 хаттамасымен*
*баспаға ұсынылды*

**Жалпы редакциясын басқарған:**
журналистика факультетінің профессоры **Г. С. Сұлтанбаева**
журналистика факультетінің аға оқытушы **Д.Ө. Байгожина**

Біріккен Ұлттар Ұйымының 70 жылдығы, Бүкіләлемдік радио күніне арналған «БОЛАШАҚТЫҢ МЕДИАСЫ: НЬЮСОНОМИКА. ҮРДІСТЕР. ЖАҢАЛЫҚТАР» атты II Халықаралық журналистика және коммуникация қысқы мектебінің оқу-әдістемелік жинағы. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 140 б.
**ISBN 978-601-04-0725-1**

Оқу-әдістемелік жинақ журналистика және коммуникация саласында дәріс беретін оқытушыларға, сондай-ақ студенттерге, магистранттар мен PhD докоранттарға арналған.

ISBN 978-601-04-0725-1
© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2015

Образования, Дубай, 22-23 октября, 2013; Международные конференции, проведенные в рамкмах программы «20-летие дипломатических отношений Казахстан-Польша» в городах Слубицы, Торунь, Краков, 7-17 февраля, 2013.

## ҒАЛАМТОРДАҒЫ МЕДИА ТӘУЕЛСІЗДІГІ. ЖАҢА ТЕХНОЛОГИЯЛАР. ТЫҢ ШЕШІМДЕР

Ғаламтор – мүдделер тоғысатын алаң. Ол саяси, әлеуметтік, бизнес, ғылым, өнер жан-жақты мүдделер алаңы. Дегенмен әлемдік желінің адамзатқа берген үлкен сыйы – медианың тәуелсіздігі. Біз, әрине, әлем елдерінде барлық баспасөз ғаламтор пайда болғалы тәуелсіз деген қаиғад ұсынбаймыз. Дегенмен бүгінде әлем алақандағыдай ашық. Әлем халықтары (географиялық тұрғыда емес) шекара ұғымынан әлдеқашан ұмытты. Еркін ақпараттық ағынның, тәуелсіз желілерідің тосқыны бізге жаңа қағиадалар ұсынды. Жаңа ережелер қалыптастырды.

Біздің сөзімізге дәлел: «Ғаламтордағы тәуелсіз журналистер биліктен, дәстүрлі баспасөзге тән парктикалар мен идеялардан еркін бола алады», - дейді чилилік Гильермо Кулель, Mercurio Group аймақтық БАҚ бас менеджері.

БАҚ онлайн медиа саласында ойысқан тұста «тәуелсіз бизнестің» жаңа үлгісі пайда болды. Бұл тәуелсіздіктің негізгі артықшылығы мыналарда:

- билік корпорациясы мен саясаткерлердің ықпалы артуы;
- журналистикадағы ескі тәртіптің жойыла бастауы;
- тәуекел, қатердің басымдығы.

Электронды БАҚ-тың интерактивтіліктен онлайнға көшуі аудиторияның сенімділігін арттыра түсті. Бұл – бизнестің басты талабы, пайда әкелудің – тамыры. Табысты бұқаралық медиа тарихын жасауда пайдалы кеңестер ретінде мамандар мынадай ұсыныстар айтады:

- онлайн БАҚ саласындағы кәсіпкерлерді өз сайттарындағы трафиктердің үнемі қадағалап, ненің табысты ал ненің табыссыз болғанын зерделеп отыру;
- ақпарат тұтынушылардың балғамын ескеру;
- орын алған сәтсіздіктерді саралу;
- табысты ұйымдардың тәжірибесін зерделеу;
- болашақты стратегиялық жоспарлау.

Тіпті ақпарат тұтынушының өнімге деген құштарлығын ғашық адамның хал-күйімен құштар болуымен салыстырады.

Ғаламтордың әлеуметтік кеңістіктегі басымдығын ерекше атаған жөн. Әлеуметтік желілердің өзініне тән мінез-құлық кодексі бар. Бірінші кезекте журналисті не толғандыратынын емес, аудиторияны не қызықтыратынын ойлаңыз. Іздеушілер әлеуметтік желілерге емес, вебсайттарға көп трафик жұмсаған сайын, желілер онлайн БАҚ-тың басты қозғаушы күшіне айналады. Іздеуші ынталандыру, жауап беруді реттейтін механикалық алгортим ғана. Әлеуметтік медиада оқырмандар мақаланы достары мен таныстарына оқып шығуды ұсынады, яғни БАҚ пен пайдаланушы арасында тиімді қарым-қатынас орнайды. Әлеуметтік желілер трафик жұмсауда іздеуші жүйелерді басып озады.

Онлайн БАҚ өз бизнесі мен этикалық принциптерле ашық болу қажет. Жаңа оқырмандарға журналистік материал мен жарнаманы ерекшелігін түсіндіру керек. Жарнама берушілер бұл шектеуді алып тастағысы келеді, бұл кикілжің тудыруы мүмкін. Көптеген редакторлардың тәжірибесіне сүйенсек, редактор мен жарнама берушінің арасындағы ашық диалог арқылы өзара түсіністікке жетуге болады.

Әлеуметтік желілерде он-лайн БАҚ тиімділігін арттыруда қажетті қорлар қатарында бірнше қосымшаларды атауға болады. AmCharts Flash форматында визуализацияны барынша қарапайым жасауға мүмкіндік береді. Алдымен amCharts.com сайтына кіріп «charts» белгісін басыңыз. Одан соң оң жақ жоғарғы бұрыштағы «amCharts visual editor» басыңыз. Сіз бұл редакторды онлайн сервис ретінде сайтта көрсетілгендей пайдалана аласыз, ол үшін



диаграмма құрып, алынған HTML кодты сіздің HTML парақшасыңға көшіру қажет. Сізге ештеңе жүктеудің қажеті жоқ, өйткені SWF диаграммасы amCharts серверінде сақталатын болады.

Бұдан соң сізге қажетті диаграмма типін таңдаңыз: сіз бағана мен кестеден, сызықтық пен жазықтан, дөңгелек пен сақинадан т.с.с. таңдай аласыз. Бұдан соң редактор парағы ашылады. Сол жақ бағанды пайдалана отырып, мәліметтерді енгізіп, диаграмманың түсін, басқа да сыртқы кейіптерін өзгертіңіз.

Болған соң HTML белгісін басып, HTML белгісі астындағы "use SWF files hosted on amCharts" жәшігін белгілеңіз және "copy to clipboard" таңдаңыз.

Өз парақшаңыздағы кодты YouTube сайтынан бейнематериалды көшіргендей етіп қойыңыз.

Prezi – тегін онлайн құралы, ол оқиғаны динамикалы түрде баяндайды: бұл құрал PowerPoint форматындағы тұрақты таныстырудан аулақ болу үшін жасалған. Prezi – пайдалы құрал, ол интерактивті инфографиканы құруға мүмкіндік беріп, мультимедиялық құралдардың түрлі типтерін үйлестіреді (фотосуреттер, мәтіндер,бейнематериалдар). Авторлар "ауқымды презентациялар редакторы" деп атаған Prezi өзінің сызықты емес презентацияларымен және масштабтау тиімділігімен ерекшеленеді.

Сіз аккаунт ашқан соң жаңа файл құруды таңдаңыз ("create new Prezi") атау мен сипаттамасын қосыңыз, жаңа нұсқау пайда болады. Мұны болған соң өз презентацияңызды бастасаңыз да болады, онда элементтерді көшірмелеп, мәтіндерді теріңіз, ол үшін оң жақ жоғары бұрыштағы мәзірді пайдаланыңыз.

Көшірілген элементтерді қойған соң оларды кезектестіріп, көлемдерін «зебра» құралы арқылы өзгерте аласыз. «Сүрлеу» құралы арқылы өз презентацияңыз бойынша жүретін сүрлеуді жасай аласыз. Күрделірек нұсқалары арқылы жасырылған рамкалар құрып, қоршауды болдырмайсыз: көлемдерді өзгерту және элеменеттерді жылжыту мүмкіндіктерін пайдаланыңыз.

Тегін аккаунт Prezi.com сайтына көлемі 100 MB дейінгі ақпаратты жүктеуге, сондай-ақ презентацциялрды жүктеп, оларды оффлайндағы басқа пайдаланушылармен бөлісуге мүмкіндік береді. 60 доллардан 160 долларға дейінгі қосымша ақы төлеп сіз өз аккуантыңыздың деңгейін арттыра аласыз. Бір қарағанда, ақпараттың көптігі адастырады, алайда сайтта сізге бәрін карауға мүмкіндік беретін нұсқаулар жетерлік.

Әлеуметтік желілерде тиімді промоушн жүргізу үшін журналистерге арналған ең жақсы 5 iPad қосымшаларын атауға болады. Журналистер өздерімен бірге бейнеаппаратура, фотоаппараттар, диктофон, қойын кітапшасы, қалам, ноутбук тәрізді жабдықтарды тасып жүруге мәжбүр болатын. Соңғы жылдары жеңіл әрі портативті, микрофонмен және HD бейнекамерасымен, фотоаппаратмен жабдықталған құрал, блогерлер үшін ыңғайлы құрылғылар бұл қиындықты бірнеше есе жеңілдетті. Мына бес қосымша сізге iPad-тың жұмыс тиімділігін арттыруға көмектеседі.

**1. Мәтін жазу.** Мақала жазу үшін қосымшаны таңдау жеке бас ісі–WriteRoom. Бұл қосымша аса қарапайым. Онда құжаттарды жіктеуге арналған папкалары бар құралдар панелі мен курсоры бар клавиатураны қамтиды. Dropbox синхрондауда сөздер саналады, экран шетіне басып отырып курсорды жүргізе аласыз.

**2. Фотосуреттерді редакциялау.** Apple iPad фотоаппаратын пайдаланатын журналистерге арналған Filterstorm Pro қосымшасы ауқымды файлдарды ашып, серияларды өңдеп, FTP-ға жүктеп, IPTC мәліметтерін қосуға мүмкіндік береді – мұның бәрі iPad-та фотосуреттерді редакциялауға арналған.

Сондай-ақ оған рейтингтер жүйесі мен редакциялауға арналған толық жиынтық кіреді, ол шаблондар жасауға, қорғаныш белгілерін енгізуге, т.с.с. мүмкіндік береді.

Егер сіз блог жүргізіп, iPad 2 камерасымен суретке түсіретін болсаңыз, Filterstorm, PhotoForge2 - арзан әрі қуатты редакторлық бағдарламалар, фильтрлер санымен және редакциялауға және көлемін өзгертуге мүмкіндік беретін қызметтермен ерекшеленеді.

*Ғылыми басылым*

**Біріккен Ұлттар Ұйымының 70 жылдығы,**
**Бүкіләлемдік радио күніне арналған**
**«БОЛАШАҚТЫҢ МЕДИАСЫ: НЬЮСОНОМИКА.**
**ҮРДІСТЕР. ЖАҢАЛЫҚТАР» атты**
**ІІ Халықаралық журналистика және коммуникация қысқы мектебінің**
**оқу-әдістемелік жинағы**

**ИБ №7979**
Басуға 06.01.2015 жылы қол қойыл-ды. Формат 60х84 $^{1}/_{16}$.
Көлемі 11,9 б. т. Тапсырыс №56. Таралымы 70 дана.
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің
«Қазақ университеті» баспа үйі.
Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.
«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.